" Бекетемін"

Мектеп директорының м.а

---------------Габдуллина Г.С

“Қаракөл ауылының негізгі орта мектебі “КММ

“ Математика әлемінде” (вариатив)

Жоспары

:

Пән мұғалімі: Қасым Б.Қ

**Түсінік хат**

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің Орта білім берудің (бастауыш) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.
3 сыныптың « Математика әлемінде» қосымша курсына аптасына 1 сағаттан, барлығы 34 сағат бөлінген.

**«Математика әлемінде» қосымша курсының басты мақсаты:**
Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

**« Математика әлемінде» қосымша курсының міндеттері:**
- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу,ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

« Математика әлемінде» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады,күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

**Күтілетін нәтиже:**
- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

**тақырыптық жоспар 3-сынып**

« Математика әлемінде»

Аптасына 1 сағат Жылына 34 сағат

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қызықты математикалық есептер | 1 | 6.09 |
| 2 | Қызықты сұрақтарға дұрыс жауап беру | 1 | 13.09 |
| 3 | Қызықты есептер | 1 | 20.09 |
| 4 | Тез есепте | 1 | 27.09 |
| 5 | Ойлан,тап! | 1 | 4.10 |
| 6 | Қанша қалды,қанша болды? | 1 | 11.10 |
| 7 | Санамақ есептер | 1 | 18.10 |
| 8 | Тез сана!Санамақ есептер | 1 | 25.10 |
| 9 | Санамақ | 1 | 8.11 |
| 10 | Есептеуге кім жүйрік? | 1 | 15.11 |
| 11 | Жұмбақ есептер | 1 | 22.11 |
| 12 | Заңдылығын сақтап,сан қатарының тізбегін жаз. | 1 | 29.11 |
| 13 | «Ұрылар мен кемпір» ертегі есеп | 1 | 6.12 |
| 14 | Түлкінің қарызы қанша?Қанша манго қалды? | 1 | 13.12 |
| 15 | Қайсысы көп?Қанша аяқтан бар? | 1 | 20.12 |
| 16 | «Сиқырлы» сызықтар мен «сиқырлы» шаршылар | 1 | 27.12 |
| 17 | «Сиқырлы сызықтар» | 1 | 10.01 |
| 18 | «Сиқырлы» шаршылар | 1 | 17.01 |
| 19 | Тапқыр болсаң... | 1 | 24.01 |
| 20 | Шырын,мысық,таға... | 1 | 31.02 |
| 21 | 10 қапшық | 1 | 7.02 |
| 22 | Әуеде ұшқан 1 топ қаз | 1 | 14.02 |
| 23 | Таразыны теңестір | 1 | 21.02 |
| 24 | Сонда қанша? | 1 | 28.02 |
| 25 | Тасбақа лабиринті | 1 | 6.03 |
| 26 | Бір- біріне туыс қыз бен ұл | 1 | 13.03 |
| 27 | Жұмбақ шаршылар | 1 | 20.03 |
| 28 | Шытырман сызықтар.Тұлпарды тап! | 1 | 10.04 |
| 29 | Пингвиндар...Тоған. | 1 | 17.04 |
| 30 | Бірқазан | 1 | 24.04 |
| 31 | Суреттегі кім?Кофе мен қант.Мысықтар... | 1 | 1.05 |
| 32 | Қойшының сағаты-күн мен таяғы | 1 | 8.05 |
| 33 | Сан алуан сұрақтар | 1 | 15.05 |
| 34 | Қорытынды сабақтар | 1 | 22.05 |